

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 1321 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 255-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 193-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат):

1) 3 4 3 - б а п т а :

тақырыбындағы "атқарушысына" деген сөзден кейін ", сарапшысына" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "атқарушысына" деген сөзден кейін ", сарапшысына" деген сөзбен толықтырылсын, сондай-ақ "жүргізілуімен" деген сөзден кейін "сот сараптамасын жүргізумен," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 68, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат;

2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 155, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., N 13, 53 - құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алудың", "сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуға", "сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу", "сараптамалық зерттеу үшін үлгілер", "сараптамалық зерттеу үшін үлгі", "сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді" деген сөздер тиісінше "үлгілер алудың", "үлгілер алуға", "үлгілер алу" "үлгілер", "үлгілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 84 - бапта:

екінші бөлігінде:

"мен дағдысы" деген сөздер алып тасталсын;
"қатысушыларға сұрақтар қоюға" деген сөздерден кейін "олардың" деген сөзбен толықтырылсын;

"тергеу немесе сот әрекетіне қатысушылардың" деген сөздер алып тасталсын;
"заттарды немесе құжаттарды табу, бекіту және алу кезінде," деген сөздер дәлелдерді жинау, зерттеу мен бағалау және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өзгеруіне әкеп соқпайтын" деген сөздерден кейін "салыстырманы қоспағанда," деген сөздермен

толықтырылсын;

үшінші бөлігінде:

", дағдысын" деген сөз алып тасталсын;

"дәлелдерді табу, бекіту және алу үшін" деген сөздер "дәлелдерді жинау, зерттеу мен бағалау кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 242 - бапта:

төртінші бөлігінде:

"сарапшының құзыретіне" деген сөздер "сот сараптамасының мәніне" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігінде:

"сарапшының құзыретіне" деген сөздер "сот сараптамасының мәніне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 244-баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы "тергеушінің рұқсатымен" деген сөздердің алдынан "мұндай қатысу сарапшылардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен, "түсініктемелер беруге" деген сөздерден кейін "Қылмыстық процесті жүргізуші орган жәбірленушінің, сезіктінің, айыпталушының сараптама жүргізген кезде қатысатындығы туралы өтінішін қанағаттандырған кезде ол сараптама жүргізу орны мен уақыты туралы хабарландырылады. Бұл жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші орган қатысуға міндетті. Хабарландырылған адамның келмеуі сараптама жүргізуге кедергі келтірмейді" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу

кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 140-құжат; N 24, 13-құжат; 2005 ж., N 5, 3-құжат; N 13, 53-құжат):

1) 4 1 - б а п т а :

ү ш і н ш і б ө л і г і н д е :

"сарапшының," деген сөз алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сараптама қорытындысының дұрыстығына күмән туындауына байланысты ол екінші қайтара жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, сапаршының осы істі алдыңғы қарау кезінде сарапшы ретінде қатысуы оған қарсылық білдіру үшін негіз болып т а б ы л м а й д ы . " ;

2) 42-баптың бірінші бөлігі "сарапшы," деген сөзден кейін "маман," деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 64-баптың екінші бөлігі "іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен" деген сөздерден кейін "іс жүргізу іс-әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін бейнелейтін сот отырыстары хаттамаларымен" деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 91-1, 91-2, 91-3-баптармен толықтырылсын:

" 9 1 - 1 - б а п . Ү л г і л е р д і а л у

1. Егер оларды тексерудің іс үшін мәні бар болса, сот үлгілерді, оның ішінде адамның, жануардың, бұйымның, заттың қасиеттерін бейнелейтін үлгілерді алуға қ ұ қ ы л ы .

2. Үлгілерге сондай-ақ мыналар жатады: материалдардың, бұйымдардың, шикізаттың, дайын өнімнің сынамалары.

3. Үлгілерді алу туралы дәлелді анықтама шығарылады, онда: үлгілерді алатын адам; үлгілер алынатын адам (ұйым); нақты қандай үлгілер және қандай санда алынуы тиіс; адам үлгілерді алу үшін қашан және кімге келуі тиіс; үлгілерді алғаннан кейін олар қашан және кімге берілуі тиіс екендігі көрсетілуі қажет.

4. Үлгілерді сот өзі алуы мүмкін, ал қажет болған жағдайда дәрігерді, өзге де маманды тарта отырып, егер бұл үлгілер алынатын жынысы басқа адамды жалаңаштап шешіндірумен байланысты болмаса және ерекше кәсіби дағдыны талап етпесе, үлгілерді алуға құқылы. Өзге жағдайларда үлгілерді соттың тапсырмасы бойынша дәрігер немесе өзге де маман ала алады.

5. Соттың, сарапшының, дәрігердің, сондай-ақ маманның үлгілерді алуға құқығы б а р .

6. Үлгілерді алу сараптамалық зерттеулердің бір бөлігі болып табылған жағдайларда, оны сарапшы жүргізуі мүмкін.

7. Үлгілер тараптардан, сондай-ақ үшінші тұлғалардан алынуы мүмкін.

8. Сот адамды өзіне шақырады, оны қолын қойғызу арқылы үлгілерді алу туралы анықтамамен таныстырады, осы іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы өзге де адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

9. Сот маманның қатысуымен қажетті іс-әрекеттерді жүргізеді, үлгілерді алады, оларды орайды және мөрлейді.

91-2-бап. Дәрігердің немесе басқа да маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы

1. Сот үлгілер алынатын адамды дәрігерге немесе басқа маманға, сондай-ақ тиісті тапсырмасы бар анықтаманы жібереді. Анықтамада осы істі жүргізуге барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілуі тиіс.

2. Дәрігер немесе басқа маман соттың тапсырмасы бойынша қажетті іс-әрекеттерді жүргізеді және үлгілерді алады. Үлгілер оралады және мөрленеді, одан кейін дәрігер немесе басқа маман жасаған ресми құжатпен бірге сотқа жіберіледі.

3. Сарапшының зерттеу процесінде сынақ үлгілері жасалуы мүмкін, ол туралы оларға қорытындыда хабарланады.

4. Сот мұндай үлгілерді дайындау кезінде қатысуға құқылы, бұл ол жасайтын хаттамада жазылады.

5. Сарапшы зерттеуді жүргізгеннен кейін үлгілерді оралған және мөрленген түрінде өзінің қорытындысына қоса береді.

6. Жүргізілген реттілікпен үлгілерді алу үшін жасалған іс-әрекеттер, бұл ретте қолданылған ғылыми-зерттеу және басқа да әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өздері жазылатын іс жүргізу әрекеттерінің (сот отырысының) хаттамасында үлгілерді алу нәтижелері көрсетіледі.

7. Егер үлгілер соттың тапсырмасы бойынша алынған болса, онда ол бұл туралы ресми құжат жасайды, оған іс жүргізуге барлық қатысушылар қол қояды және іс материалдарына қоса тіркеу үшін сотқа беріледі.

8. Алынған үлгілер оралған және мөрленген түрде хаттамаға қоса беріледі.

91-3-бап. Үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау

Үлгілерді алу әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы тиіс. Күшті ауырлық сезім тудыратын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға тек үлгілер алынатын адамның оған берген жазбаша келісімімен, ал егер ол кәмелетке толмаған немесе психикалық аурулармен ауыратын болса, онда оның заңды өкілдерінің келісімімен жол беріледі.";

5) 92-баптың бірінші бөлігі "сұрақтар қоюға" деген сөздерден кейін "сотпен келісім бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 99 - бапта :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Консультациялар (түсіндірмелер) беру және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда көмек беру жолымен дәлелдемелер жинауда, зерттеуде және бағалауда

жәрдем көрсету мақсатында сот отырысына немесе іс жүргізу әрекеттеріне қатыстыру үшін сот маман ретінде істің нәтижесіне мүдделі емес, арнайы білімі бар адамды т а р т у ы м ү м к і н .

Сот тараптың қолдаухаты бойынша да мамандарды тартуға құқылы. Іске қатысатын адамдар маман ретінде арнайы білімі бар нақты адамды тарту туралы сотқа өтініш ж а с а й а л а д ы . " ;

үшінші бөліктегі "және дағдылармен" деген сөздер алып тасталсын;
төртінші бөліктегі ", дағдыларды" деген сөз алып тасталсын;
7) 207-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Маман арнайы зерттеулер жүргізбей-ақ ауызша немесе жазбаша нысанда сотқа консультация (түсіндірме) береді.

Жазбаша түрде берілген маманның консультациясы сот отырысының (тиісті іс жүргізу әрекетінің) хаттамасына қосымша түрінде тіркеледі және сот отырысында жария етіледі. Маманның ауызша консультациясы сот отырысының (іс жүргізу әрекетінің) хаттамасына енгізіледі. Маманның толықтырулары мен түсіндірмелерінің ол бұрын берген консультацияға қатысты бөлігінде ғана дәлелдемелік мағынасы б о л а д ы . " .

4. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23; 71-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар, N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат, N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы Заңы : 2001 жылғы 13 ақпандағы N 31-34; 2003 жылғы 6 маусымдағы N 137-138; 2003 жылғы 9 шілдедегі N 171; 2004 жылғы 12 мамырдағы N 122; 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 315; 2005 жылғы 26 ақпандағы N 40; 2005 жылғы 13 шілдедегі N 156 "Егемен Қазақстан"; 2001 жылғы 13 ақпандағы N 40-41, 2001 жылғы 14 ақпандағы N 42-43, 2001 жылғы N 44-45 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған):

1) 5 9 6 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "және дағдылармен" деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөлігіндегі :

"және дағдылармен" деген сөздер алып тасталсын;
"көрсетілген іс материалдарына" деген сөздерден кейін "салыстырманы қоспағанда,
" деген сөздермен толықтырылсын;
үшінші бөлігіндегі ", дағдыларды" деген сөз алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 612-1, 612-2, 612-3-баптармен толықтырылсын:

" 612 - 1 - б а п . Ү л г і л е р д і а л у

1. Егер оларды тексерудің іс үшін мәні бар болса, сот үлгілерді, оның ішінде адамның, жануардың, бұйымның, заттың қасиеттерін бейнелейтін үлгілерді алуға қ ұ қ ы л ы .

2. Үлгілерге сондай-ақ мыналар жатады: материалдардың, бұйымдардың, шикізаттың, дайын өнімнің сынамалары.

3. Үлгілерді алу туралы дәлелді анықтама шығарылады, онда: үлгілерді алатын адам; үлгілер алынатын адам (ұйым); нақты қандай үлгілер және қандай санда алынуы тиіс; адам үлгілерді алу үшін қашан және кімге келуі тиіс; үлгілерді алғаннан кейін олар қашан және кімге берілуі тиіс екендігі көрсетілуі қажет.

4. Үлгілерді сот өзі алуы мүмкін, ал қажет болған жағдайда дәрігерді, өзге де маманды тарта отырып, егер бұл үлгілер алынатын жынысы басқа адамды жалаңаштап шешіндірумен байланысты болмаса және ерекше кәсіби дағдыны талап етпесе, үлгілерді алуға құқылы. Өзге жағдайларда үлгілерді соттың тапсырмасы бойынша дәрігер немесе өзге де маман ала алады.

5. Соттың, сарапшының, дәрігердің, сондай-ақ маманның үлгілерді алуға құқығы б а р .

6. Үлгілерді алу сараптамалық зерттеулердің бір бөлігі болып табылған жағдайларда, оны сарапшы жүргізуі мүмкін.

7. Үлгілер тараптардан, сондай-ақ үшінші тұлғалардан алынуы мүмкін.

8. Сот адамды өзіне шақырады, оны қолын қойғызу арқылы үлгілерді алу туралы анықтамамен таныстырады, осы іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы өзге де адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

9. Сот маманның қатысуымен қажетті іс-әрекеттерді жүргізеді, үлгілерді алады, оларды о р а й д ы және м ө р л е й д і .

612-2-бап. Дәрігердің немесе басқа да маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді а л у ы

1. Сот үлгілер алынатын адамды дәрігерге немесе басқа маманға, сондай-ақ тиісті тапсырмасы бар анықтаманы жібереді. Анықтамада осы істі жүргізуге барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілуі тиіс.

2. Дәрігер немесе басқа маман соттың тапсырмасы бойынша қажетті іс-әрекеттерді жүргізеді және үлгілерді алады. Үлгілер оралады және мөрленеді, одан кейін дәрігер немесе басқа маман жасаған ресми құжатпен бірге сотқа жіберіледі.

3. Сарапшының зерттеу процесінде сынақ үлгілері жасалуы мүмкін, ол туралы оларға қ о р ы т ы н д ы д а х а б а р л а н а д ы .

4. Сот мұндай үлгілерді дайындау кезінде қатысуға құқылы, бұл ол жасайтын х а т т а м а д а ж а з ы л а д ы .

5. Сарапшы зерттеуді жүргізгеннен кейін үлгілерді оралған және мөрленген түрінде

өзінің қорытындысына қоса береді.

6. Жүргізілген реттілікпен үлгілерді алу үшін жасалған іс-әрекеттер, бұл ретте қолданылған ғылыми-зерттеу және басқа да әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өздері жазылатын іс жүргізу әрекеттерінің (сот отырысының) хаттамасында үлгілерді алу нәтижелері көрсетіледі.

7. Егер үлгілер соттың тапсырмасы бойынша алынған болса, онда ол бұл туралы ресми құжат жасайды, оған іс жүргізуге барлық қатысушылар қол қояды және іс материалдарына қоса тіркеу үшін сотқа беріледі.

8. Алынған үлгілер оралған және мөрленген түрде хаттамаға қоса беріледі.

612-3-бап. Үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау

Үлгілерді алу әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы тиіс. Күшті ауырлық сезім тудыратын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға тек үлгілер алынатын адамның оған берген жазбаша келісімімен, ал егер ол кәмелетке толмаған немесе психикалық аурулармен ауыратын болса, онда оның заңды өкілдерінің келісімімен жол беріледі.".

2-бап. Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті